

2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 347 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 5966 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2019 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 189 189 970,6 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 37 450 681 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 157 604,4 мың теңге;

трансферттер түсімі – 148 581 685,2;

2) шығындар – 185 328 059,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 2 757 513,8 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 12 801 654 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 10 044 140,2 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 1 104 397,3;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – -1 104 397,3 мың теңге.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облыстық мәслихатының 21.02.2019 № 373 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.03.2019 № 380 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.04.2019 № 418 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2019 № 447 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.09.2019 № 457 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2019 № 468 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2019 № 475 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2019 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу аудандардың және Ақтөбе қаласының бюджеттеріне мынадай мөлшерде белгіленсін:

1) төлем көзінде кірістерге салынатын жеке табыс салығы бойынша: Ақтөбе қаласына - 30 пайыз, Байғанинге - 50 пайыз, Мұғалжарға - 50 пайыз, Хромтауға – 60 пайыз және Әйтекеби, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

2) әлеуметтік салық бойынша: Ақтөбе қаласына - 30 пайыз, Байғанинге - 50 пайыз, Мұғалжарға – 50 пайыз, Хромтауға - 60 пайыз және Әйтекеби, Алға, Ырғыз, Қарғалы, Мәртөк, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар аудандарына 100 пайыздан;

3) төлем көзінде салық салынбайтын кірістерге жеке табыс салығы бойынша, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдер Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне толығымен есептеледі.

3. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджетке Ақтөбе қаласы бюджетінен және аудандық бюджеттен бюджеттік алып қоюлардың көлемі 7 655 000 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Мұғалжар ауданынан - 2 660 000 мың теңге;

Ақтөбе қаласынан - 4 995 000 мың теңге.

4. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттен трансферттер түсімі келесідей көзделсін:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімін 2018 жылдан 2020 жылға ауыстыруға байланысты – 2 041 086 мың теңге;

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс берушілердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайтуға байланысты – 799 291 мың теңге көзделсін.

Ақтөбе қаласы және аудандық бюджеттерден трансферттердің көрсетілген сомаларының облыстық бюджетке түсімдері облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

5. Қазақстан Республикасының "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 - бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері - 42 500 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 525 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 29 698 теңге.

Ескерту. 5 тармаққа қазақ тілінде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 21.02.2019 № 373 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Қазақстан Республикасының "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 10 - бабына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғын жайды күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 739 теңге сомасында белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.

7. Қазақстан Республикасының "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 11 - бабына сәйкес 2019 жылға республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін субвенция 55 812 434 мың теңге сомасында көзделді.

8. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық бюджеттерге берілетін субвенциялар көлемі 22 588 000 мың теңге сомасында көзделсін , оның ішінде:

Әйтекебиге - 2 422 000 мың теңге;

Алғаға - 2 732 000 мың теңге;

Ырғызға - 2 278 000 мың теңге;

Қарғалыға - 1 987 000 мың теңге;

Мәртөкке - 3 255 000 мың теңге;

Темірге - 772 000 мың теңге;

Ойылға - 2 676 000 мың теңге;

Қобдаға - 2 810 000 мың теңге;

Шалқарға - 3 656 000 мың теңге.

9. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

республикалық бюджеттен:

1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы мөлшерлерін ұлғайтуға;

2) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;

3) жол-патрульдік полиция бөлімшелерінің, жергілікті полиция инспекторларының және учаскелік инспекторлардың кәметке толмағандарға арналған полиция қызметкерлеріне тұрғын үй жалдау (жалдау) үшін өтемақы төлеуге;

- 4) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға;
- 6) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;
- 7) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ, лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;
- 8) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосымша құн салығы шегінде бюджетке төленген қосымша құн салығының сомасын субсидиялауға;
- 9) ауылдық жерлерде жұмыс істейтін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және орман шаруашылығындағы азаматтық қызметшілердің жалақыларын артыруға;
- 10) жұмыспен қамту орталықтарында әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшілер мен ассистенттерді енгізуге;
- 11) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге;
- 12) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 13) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;
- 14) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;
- 15) мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;
- 16) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 17) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға;
- 18) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;
- 19) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 20) алынып тасталды – Ақтөбе облыстық мәслихатының 15.11.2019 № 468 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);
- 21) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;
- 22) саламатты өмір салтын насихаттауға;

23) ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

24) ауыз сумен жабдықтаудың баламалы көздері болып табылатын аса маңызды топтық және жергілікті сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз суды жеткізу бойынша қызметтердің құнын субсидиялауға;

25) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізуге;

26) аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын-үй қорының тұрғын үйін сатып алуға;

27) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

28) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

29) "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге;

30) төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығыстарын өтеуге;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан:

31) жұмысшы біліктіліктері бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия мөлшерін ұлғайтуға;

32) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

33) аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

34) қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қосымша қамтуды қамтамасыз етуге;

республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан:

35) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне;

36) еңбек нарығын дамытуға.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 20.09.2019 № 457 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 15.11.2019 № 468 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2019 жылға арналған облыстық бюджетке кредиттер түскені ескерілсін:

республикалық бюджеттен:

1) облыс орталықтарында және моноқалаларында кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге;

2) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға;

Республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан;

3) нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға;

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 20.09.2019 № 457 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

10-1. Облыстық бюджетте мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен 2019 жылға арналған несиелік тұрғын үй құрылысына қарыздар түсімі көзделсін.

Ескерту. Шешім 10-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 21.02.2019 № 373 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

11. 2019 жылға арналған облыстық бюджетте Ақтөбе қаласы және аудандар бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері көзделсін:

1) елді мекендердегі өрттерді, дала өрттерін сөндіру бойынша өрт сөндіру бекеттерін ұйымдастыруға;

2) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға;

3) орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге;

4) жалпы білім беруге;

5) сандық білім беру инфрақұрылымын құруға;

6) білім берудің ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарының күрделі шығыстарына;

7) білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге;

9) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға;

10) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға;

11) коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

12) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

13) мәдениет нысандарын дамытуға;

14) мәдениет ұйымдарының күрделі шығыстарына;

15) газ тасымалдау жүйесін дамытуға;

16) иелеріне алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын өтеуге;

17) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

18) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының және елді мекендердің көшелерінің күрделі және орташа жөндеуіне;

19) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға;

20) білім ұйымдары нысандарын жөндеуге;

21) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтарға көрсетілетін бір реттік әлеуметтік көмек көрсетуге;

22) алынып тасталды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 04.07.2019 № 447 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі);

23) аудандардың коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыруға;

24) қалаларды және елді мекендерді абаттандыруды дамытуға;

25) спорттағы балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беруге;

26) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді жеке көмекшілермен қамтамасыз етуге;

27) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

28) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

29) әлеуметтік объектілерін газдандыруға;

30) спорт объектілерін дамытуға;

31) бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге;

Аталған трансферттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 11 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 26.04.2019 № 418 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 04.07.2019 № 447 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2019 жылға арналған резерві 26 136,8 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 12 тармақ жаңа редакцияда – Ақтөбе облыстық мәслихатының 04.07.2019 № 447 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облыстық мәслихатының 15.11.2019 № 468 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

13. 2019 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2019 жылға арналған облыстық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2019 № 475 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	189 189 970,6
1			Салықтық түсімдер	37 450 681
	01		Табыс салығы	14 967 815
		2	Жеке табыс салығы	14 967 815
	03		Әлеуметтік салық	13 492 489
		1	Әлеуметтік салық	13 492 489
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	8 990 377
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	8 990 377
2			Салықтық емес түсімдер	3 157 604,4
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	92 549
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	24 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	68 549
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	901 150
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	901 150
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 163 905,4
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 163 905,4
4			Трансферттердің түсімдері	148 581 685,2

01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	10 720 148,2
2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	10 720 148,2
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	137 861 537
1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	137 861 537

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Әкімші					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	185 328 059,5
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 108 375,5
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	1 225 615
		110		Облыс мәслихатының аппараты	44 192
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44 034
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	158
		120		Облыс әкімінің аппараты	985 901
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	820 636
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 623
			007	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	18 240
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	5 332
			013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	106 415
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	31 655
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	195 522
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	189 286
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 236
	2			Қаржылық қызмет	1 56 693,5
		257		Облыстың қаржы басқармасы	1 16 906,5
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 15 359,3
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	773
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	774,2

	718	Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	39 787
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	38 287
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 500
5		Жоспарлаужәне статистикалық қызмет	144 729
	258	Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	144 729
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	128 959
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 034
	061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	11 736
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	581 338
	269	Облыстың дін істері басқармасы	125 320
	001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 987
	005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	47 333
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	13 000
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	456 018
	061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	456 018
02		Қорғаныс	779 886
1		Әскери мұқтаждар	190 463
	120	Облыс әкімінің аппараты	190 463
	010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	33 926
	011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	156 537
2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	589 423
	120	Облыс әкімінің аппараты	83 000
	012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	30 211
	014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	52 789
	287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	495 366
	002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	485 651
	003	Облыс ауқымындағы азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	1 947
	004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	7 768
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	11 057
	010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	2 764
	016	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлейзілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	8 293
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 766 827
1		Құқық қорғау қызметі	6 766 827

	252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 766 827
	001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 694 108
	003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	2 130
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 070 589
04		Білім беру	37 898 174,9
1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4 732 676
	261	Облыстың білім басқармасы	4 732 676
	027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 732 676
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	19 700 733,9
	261	Облыстың білім басқармасы	10 477 703
	003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 340 315
	006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	794 711
	053	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 218 002
	078	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	7 124 675
	285	Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1 908 777,9
	006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1 552 136
	007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	3 56 641,9
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	7 314 253
	008	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	3 852 899
	012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 461 354
4		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	6 144 910
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	363 295
	043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	363 295

	261	Облыстың білім басқармасы	5 777 589
	024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	5 777 589
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	4 026
	099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	4 026
5		Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	1 461 720
	120	Облыс әкімінің аппараты	4 384
	019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	4 384
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	90 393
	003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	90 393
	261	Облыстың білім басқармасы	1 366 943
	052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау"	1 366 943
6		Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	147 024
	261	Облыстың білім басқармасы	147 024
	057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	147 024
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	5 711 111
	261	Облыстың білім басқармасы	5 711 111
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	164 165
	004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін акпараттандыру	5 820
	005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	34 910
	007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	297 125
	011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	439 115
	012	Дамуынд апроблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	214 685
	019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	8 000
	029	Әдістемелік жұмыс	78 025
	067	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	207 938
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 261 328

05		Денсаулық сақтау	10 202 507
2		Халықтың денсаулығын қорғау	6 016 355
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	449 067
	006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	162 548
	007	Салауатты өмір салтын насихаттау	124 948
	041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	161 571
	288	Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	5 567 288
	038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	5 567 288
3		Мамандандырылған медициналық көмек	1 448 550
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 448 550
	027	Халыққа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундықбиологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 448 550
5		Медициналық көмектің басқа түрлері	62 352
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	62 352
	029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	62 352
9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	2 675 250
	253	Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 675 250
	001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 086
	008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	82 178
	016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жо жүру мен қамтамасыз ету	33 251
	018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	58 534
	030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	3 773
	033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 386 428
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	15 780 089
1		Әлеуметтік қамсыздандыру	11 195 794
	256	Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	10 937 581
	002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	309 516

		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулар мен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	429 133
		049	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10 078 898
		056	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	120 034
	261		Облыстың білім басқармасы	258 213
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	258 213
2			Әлеуметтік көмек	970 919
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	495 287
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	492 471
		055	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 816
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	475 632
		097	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	475 632
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	3 613 376
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	3 502 895
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	138 492
		017	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4 172
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру"	731
		037	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"	2 488 864
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	4 113
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	198 541
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	21 525

		054	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	89 457
		067	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	12 000
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	400 000
		146	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	145 000
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	28 117
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	28 117
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	111
		045	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	111
	270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	82 253
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	76 563
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 690
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	14 007 059,7
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	10 127 957
		261	Облыстың білім басқармасы	84 910
		064	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті ідамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу"	84 910
		288	Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	10 043 047
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	4 492 901
		034	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері	5 550 146
	2		Коммуналдық шаруашылық	3 879 102,7
		279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 049 171,7
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 09 608,7
		004	Елді мекендерді газдандыру	116 102
		010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	391 500

		030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 808 823
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	289 240
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	134 228
		114	Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері	199 670
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	829 931
		025	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	679 296
		030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	150 635
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	9 225 550,8
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	1 646 165,8
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 551 973,8
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	204 833
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	5 58 514,8
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	788 626
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	94 192
		027	Мәдениетобъектілерін дамыту	94 192
	2		Спорт	5 475 418,8
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 892 738,8
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 525
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	54 267
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	4 297 534,8
		032	Ведомствалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	421 412
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	70 000
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қалақұрылысы басқармасы	582 680
		024	Спорт объектілерін дамыту	582 680
	3		Ақпараттық кеңістік	906 380
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	420 304
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	420 304
	264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	143 484
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	43 192
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	100 292

	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	342 592
	009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	208 621
	010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	133 971
4		Туризм	20 201
	275	Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	20 201
	009	Туристік қызмет іреттеу	20 201
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	1 177 385,2
	263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	114 408
	001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 559
	005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	349
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 500
	273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	3 59 433,2
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	71 383
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	621
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 89 371,2
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	98 058
	283	Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	189 139
	001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	117 261
	005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	71 878
	744	Облыстың ақпараттандыру және сыртқы байланыстар басқармасы	514 405
	001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру және сыртқы байланыстар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 523
	004	Ақпараттандыру саласында қызметтерді іске асыру	460 882
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	7 004 294
1		Отын және энергетика	467 678
	280	Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	467 678
	081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	467 678
9		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	6 536 616
	279	Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	6 536 616
	070	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	238 166
	071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	6 298 450
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	14 793 437

1		Ауыл шаруашылығы	11 736 062
	255	Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	11 570 279
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	155 742
	002	Тұқым шаруашылығын қолдау	182 689
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 980
